

ҚАЗАҚСТАН

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ТЕМІРЖОЛШЫСЫ!

№59 (2442) 02/07/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ДӘЙКЕСӨЗ

Гийом ТРИТТЕР,
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ALSTOM
КОМПАНИЯСЫНЫҢ БАСҚАРУШЫ
ДИРЕКТОРЫ:

« Біз Қазақстанда жолаушылар локомотивтеріне арналған жаңа өндірістік желіні іске қосу арқылы қызмет өрісін кеңейтіп отырғанымызды мақтан тұтамыз »

ХАБАР-ОШАР

ТАҒЫ ДА ЖЕТІЛДІРІЛЕ
ТҮСТІ

Бүгіннен бастап электронды темір жол билеттерін сатудың жетілдірілген жүйесі іске қосылды. «Жолаушылар тасымалы» АҚ өкілдері бұл жүйені енгізудегі мақсат билет алыпсатарларына тосқауыл қою дейді.

Жаңа жүйе бос билеттерді белгілі бір уақыт аралығында ғана сатылымға шығарады. Оның уақыт алгоритмін автоматика өзі есептеп шығарады. Егер кассир 30 секунд ішінде бір типті бес мәрте сұраныс жасаса, онда жүйе оны бұғаттап тастайды. Егер бір мезетте 3 бірдей бір типті сұраныс жасаса, кассирге «жүйе 5 минутқа бұғатталады» деген хабар келіп түседі. Осылайша, кассир «бос орындарды» ұстап қала алмайды. Демек, бұл жүйе бос билеттерді «бұғаттауға» қарсы бағытталған. Ескі жүйеде жолаушылар қайтарған, яғни кері тапсырған билеттер сол мезетте сатылымға шығып, алыпсатарлардың қолына түсетін еді. Олар оңтайлы сәтті пайдаланып, жол құжаттарын бірнеше есе қымбатқа сатып, пайда табатын.

Ендігі жерде билет сатылымының жетілдірілген механизмдері нарықтың жоғары деңгейде қатысушыларының «орындары ұстап қалу» әрекетіне тосқауыл қояды. Мұнымен қатар Ревизорлық қызмет жұмысының жаңа автоматтандырылған механизмдері енгізілді. Сондай-ақ, ұйымдасқан жолаушылар топтары үшін билеттерді сату жүйесін қайтадан толықтай қарастыру жұмыстары жүргізілуде.

Әрине, «Жолаушылар тасымалы» АҚ алаяқтықтың әлі де толық жойылмай отырғанын жасырмайды, дегенмен, бұл шаралар алаяқтық әрекеттердің пайыздық деңгейін едәуір төмендетеріне сенімді.

Бүгінде жол билеттерін «Жолаушылар тасымалы» АҚ-на қарасты 233 қасқадан, жеке меншік 4500 қасқадан және де интернеттегі билет сататын ресми сайт ЕРАУ. RAILWAYS.KZ (комиссиясыз) және де басқа да ғаламаттағы сату көздері арқылы алуға болады.

Ұлттық тасымалдаушы жол билеттерін тек аталмыш сату орындарында сатып алуға кеңес береді. Егер де заңсыз билет сатқан фактілерге тап болсаңыз, бейтарап қалмай, міндетті түрде жол торабындағы ҚР ІІМ Көліктегі полиция департаментінің қызметкерлеріне шағымданған жөн. Сондай-ақ, жолсеріктер мен пойыз басшыларының билет сатқан фактілерін көрсеніңіз – міндетті түрде фото-бейнеге түсіріп, «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның Бас директорының Блогына (<http://www.temirzholy.kz/blog-predsedatelya-pravleniya/>) жіберулеріңізге болады. Әрбір адам азаматтық ұстаным танытқанда ғана сыбайлас жемқорлықтың тамырына балта шабамыз деп ескертеті.

Өткен 2018 жылы интернет арқылы 16 264 373 билет сатылса, осы жылдың 5 айында 6 миллионнан астам билет сатылымға түскен.

Ислам ТАЛПАТ

БҮГІНГІ САҢ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ
БЕС АЙЫНДА

6 208 289

БИЛЕТ ИНТЕРНЕТ
АРҚЫЛЫ САТЫЛҒАН

ҚАБЫЛДАУ

ТЕМІР ЖОЛ КӨЛІГІНІҢ
КЕЛЕШЕГІ СӨЗ БОЛДЫ

Кеше Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаевты қабылдады. Мемлекет басшысына темір жол көлігі саласының қазіргі даму жағдайы және келешегі туралы ақпарат берілді.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру, экспорт және транзит тасымалдарын ұлғайту, көлік қызметінің сапасын жақсарту қажеттігіне назар аударды. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаев Президентке 2019 жылдың 5 айындағы сала қызметінің қорытындылары жайлы ақпарат берді, сонымен

қатар Арыс қаласындағы төтенше жағдайға орай жүк пен жолаушылар тасымалын ұйымдастыру бойынша қабылданған шаралар туралы баяндады.

Компания басшысы сондай-ақ контейнерлік тасымал саласындағы жағдай, жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту үшін жүргізіліп жатқан жұмыстар, операциялық іркілістерді азайту туралы мәлімет берді. Басқарма төрағасының айтуынша, Қазақстан темір

жолы желісі бойынша бүгінгі таңда жүк айналымы өткен жылғы көрсеткішпен бірдей деңгейде сақталып, 89 195 млн тонна километрді құраған. Ал жолаушылар айналымы 2% артып, 5 518 млн жолаушы километрді құрап отыр екен.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Президенті «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басшысына бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Foto www.akorda.kz сайтынан алынған

ЦИФРЛАНДЫРУ

ЖАҢА ЖҮЙЕМЕН ЖҰМЫС

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Цифрлы трансформация» бағдарламасының «Жоспарлаудың біріктірілген жүйесі» жобасы шеңберінде қолданбалы семинар өткізілді.

Нұрай СӨРСЕНГАЛИ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ Маркетинг және транзиттік саясат департаменті, сонымен қатар жүк тасымалы маркетингі департаментінің негізгі қолданушыларымен бірге өткізілген семинар SAP HANA базасында «Жүк тасымалына сұранысты болжау» ЖБЖ модулімен жұмыс істеу тақырыбына арналды. Аталған шара сонымен қатар «Қазақстан темір жолы» компаниясының жұмысшыларын жоспарлаудың

автоматтандырылған жүйесімен жұмыс істеуге дайындау және сол бойынша ақпараттандыруға бағытталды.

Семинарды «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның «Бизнес трансформациялау орталығы» филиалының жобалау командасы, «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалы және «САП Қазақстан» ЖШС жүргізді. Мамандар жүйе жұмысын іс жүзінде көріп, нақтырақ айтқанда, жүйе модульдерінің бірі «Жүк тасымалына сұранысты болжауды»

жүйесінің қалай жұмыс істейтінін көрді.

Аталған модуль ЖБЖ, яғни жоспарлаудың біріктірілген жүйесінде үлкен мәліметтер (big data) технологиясы және машиналық оқыту көмегімен макроэкономикалық көрсеткіштердің (жалпы ішкі өнім, тұрмыс деңгейі, жүк номенклатурасының өндірістік деңгейі және т.б.) бүгіндей бір қатарымен бірге жүк тасымалы бойынша тарихи деректерге мультиколлинеарлық тәуелділік талдауын жүргізуге, алынған мәліметтер негізінде алдағы 5 жылға болжау есебін жасап, талдауға мүмкіндік береді. Осылайша келесі жылдарға хабарламалар түрлері мен түрлі номенклатуралар бойынша жүк айналымы мен көлемі туралы жүк тасымалының болжауды үлгісі жасалады.

Сонымен қоса семинар барысында жоспарлаудың біріктірілген жүйесін толықтырып тұратын SAP Solution Management базасында инциденттерді басқару жүйесі, SAP Business Objects базасында талдау есептілігі жүйесі де көрсетілді.

ЛОГИСТИКА

НОВОЕ ДЫХАНИЕ ХОРГОСА

В ходе рабочей поездки в Алматинскую область министр промышленности и инфраструктурного развития Роман Скляр, председатель правления АО «ФНБ «Самрук-Қазына» Ахметжан Есимов и председатель правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Сауат Мынбаев посетили СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота».

Ирина БЕКТИЯРОВА,
Хоргос

На объектах хоргосского транспортно-логистического хаба побывали также аким Алматинской области Амандык Баталов и председатель правления АО «Казпочта» Сакен Сарсенов.

Руководителям доложили, что в настоящее время в действии сухой порт и зерновой терминал ТОО «Заря Ltd».

Так, с вводом в эксплуатацию зернового терминала компании «Заря Ltd» фермеры региона получили возможность своевременно и, самое главное, на качественно новом уровне осуществлять осушку, хранение и в дальнейшем отправку зерновых культур конечному потребителю.

В целом сухой порт стал новым центром притяжения для трансконтинентального контейнерного грузопотока. Объемы обрабатываемых контейнеров растут ежегодно. В 2018 года перегружено более 133 тысяч ДФЭ, что на 39% больше, чем в 2017-м. На зерновом терминале, запущенном в ноябре прошлого года, обработано 2500 тонн кукурузы. Продукция в основном была экспортирована в Узбекистан.

— За первое полугодие мы обработали 66,5 тысячи ДФЭ. За год планируется увеличение по перегрузу контейнеров более чем на 21%, — доложил генеральный директор ТОО «KTZE – Khorgos GateWay» Ибрагим Манабаев.

Ахметжан Есимов в свою очередь отметил, что в целом по стране контейнерные перевозки возросли на 47%.

В текущем году планируется ввести в эксплуатацию еще несколько объектов, в том числе в августе завода по производству комбикормов «Феникс Фид Миллс» мощностью 60 тысяч тонн в год. Рабочими местами будут обеспечены 86 человек. В ближайшее время заработает новый складской комплекс ТОО «KIF Warehouses» общей площадью 25 тысяч квадратных метров. Требуется решить вопросы обеспечения современной заполняемости помещений. Завершается строительство фабрики по производству продуктов питания компании «East Gate Partners». Здесь в основном будут выпускаться фруктово-ягодные кондитерские изделия в объеме 1350 тонн готовой продукции в год. Еще один ожидаемый объект — завод



по производству бетона. В данном проекте участвует ТОО «Hubei Kelison».

— Всего до 2025 года будет реализовано 10 инвестиционных проектов на общую сумму 421 миллиард тенге, — отметил генеральный директор АО «УК «СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота» Мурат Баймуханбетов.

Во время осмотра пункта пропуска «Нұрлы жол» обращено внимание на обеспечение беспрепятственного доступа автотранспорта на территорию СЭЗ «Хоргос – Восточные ворота». В ходе рабочей поездки были даны конкретные поручения по дальнейшему развитию транспортно-логистического хаба.

Foto Руслана ПРЯНИКОВА

НОВОСТИ

НОВЫЙ МАРШРУТ

Через Казахстан организован новый регулярный железнодорожный маршрут Китай – Европа. Поезд выезжает из города Бэнбу на востоке КНР и может доставить грузы в 17 городов Европы и Азии.

На днях началось движение по новому регулярному железнодорожному маршруту Китай – Европа. Грузовой поезд отправился из города Бэнбу провинции Аньхой в Восточном Китае. Он проедет по территории 12 стран, включая Казахстан, Россию и Германию.

Первый поезд загружен строительными материалами, медикаментами и другими товарами. Каждую неделю по маршруту будут курсировать один-два грузовых поезда. Их количество будет корректироваться с учетом необходимости.

Асель ШАЙХИНОВА

ИЗ СТОЛИЦЫ
ДО АЛАКОЛЯ

Лето в самом разгаре, а вместе с ним и сезон отпусков и массовых поездок на отдых. Традиционно национальный перевозчик в это время вводит дополнительные поезда на самые популярные маршруты. Не стал исключением и этот год. Так, АО «Пассажиры перевозка» запустило дополнительный поезд из столицы до побережья озера Алаколь.

Пассажиры поездом сообщением Нур-Султан – Достык начнет свое движение с 30 июня до конца лета и будет курсировать два раза в неделю.

Ранее до зоны отдыха на озере Алаколь были запущены еще два дополнительных летних поезда сообщением Семей – Достык и Семей – Достык.

Руслан РАХМЕТОВ

СИЛА – В ЕДИНСТВЕ

В АО «НК «Қазақстан темір жолы» запустили социальные акции по поддержке пострадавших во время чрезвычайного происшествия в городе Арысь.

В рамках движения «Қамқоршы – теміржолшы», «Мен – теміржолшы», «Арыс – біз біргеміз», «Темір жол қолдаушы», «Әріптесіме көмек» будет оказана помощь населению города, большая часть которого – рабочие железной дороги. Беда коснулась около 3 тысяч арысских железнодорожников и членов их семей, у четверых полностью сгорели дома.

Работники отрасли с большой болью восприняли случившееся и искренне сопереживают своим пострадавшим коллегам, отметили в пресс-службе АО «НК «ҚТЖ».

— Железнодорожники всегда отличались своим неравнодушием к чужой беде. Мы не остаемся в стороне и на этот раз, поддерживаем своих соотечественников в трудный для них час, — говорит исполнительный директор АО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Шолпан Абиљевова.

Во многих коллективах принято решение перечислить однодневные заработки в фонд помощи пострадавшим. На предприятиях по всей стране организовываются пункты приема продуктов питания и предметов первой необходимости.

Роман ЛЮБИМОВ

АҚПАРАТ

АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС КҮТІП ТҮР



Өткен аптада Маңғыстау темір жолына «ҚТЖ» ҰҚ-АҚ «Автоматтандыру және цифрландыру дирекциясы» филиалы директорының орынбасары Марат Садықов пен «Пойыздар қозғалысы кестесін құру жоспарын автоматтандыру» атты жұмыс тобының өкілдері жұмыс сапарымен барды.

Бөлімшенің жүк тасымалы бойынша жұмыстары және пойыздар қозғалысы кестесімен танысқан басшылар түбек теміржолшыларымен кездесу барысында бірнеше өзекті мәселелерді талқылады. Атап айтқанда, жолаушылар және жүк пойыздарының қозғалысын ұйымдастыру, пойыздарды қабылдап алу және жөнелту бойынша ішкі түйісу жұмыстары, пойыздарды құру, құрастыру бойынша сұрыптау станциялары, теңіз порттарында, жүк тиеу-түсіру станцияларында вагон айналымының пайда болуы, негізгі және айналымдық деполарда пойыздарға локомотив бекіту, жүк пойыздарының ұзындықтары мен салмағындағы өзгерістерді есепке ала отырып телимдер бойынша пойыздардың салмақ нормалары ерекшеліктері мен пойыз перөгінде жүріп келе жатқанда жол профилінің ықпалы сынды тақырыптар аясында сөз болды.

– Бізді ауқымды жұмыс күтіп тұр, алдымызда үлкен міндеттер тұр. Пойыздар қозғалысын ұйымдастыру мәселелері бойынша бизнес-процестерді автоматтандыру және цифрландырумен байланысты, сонымен қатар пойыздар қозғалысының тиімді кестесін жасауға қатысты жұмыстар жоспарда бар, – деді Мақат Садықов.

Елордadan арнайы келген жұмысшы топ алдында өз ауысымдарында қызмет етіп отырған бөлімше бойынша кезекші Қуанышбек Мадиев, локомотив диспетчері Жомарт Қазмағамбетов, телимнің пойыз диспетчерлері Ерсайын Жоламан, Абзал Ізімбергенов, Манарбек Хайдаров, Руслан Ахмедов сынды маңғыстаулық теміржолшылар өз жұмыстарын жоғары деңгейде көрсетіп, жалпы аймақтағы қозғалыс ерекшеліктерімен таныстырды.

*Раушан АЛҒЫСҚЫЗЫ
Суретті түсірген автор*

ЖҮК АЙНАЛЫМЫ ҚҰБЫЛМАЛЫ

Станцияның өндірістік техникалық бөлімі берген ақпараттарға сүйенсек, Достық арқылы жалпы жүк айналымы іс жүзінде 114768 вагонды құраған. Былтырғыдан бұл көрсеткіш 6406 вагонға артық.

Өткен 5 ай ішінде аталған станция арқылы ТЖБҰ, яғни темір жол ынтымақтастық ұйымының жоспарлы тапсырмасына сай 55847 вагон, яғни 3 млн 198 мың тонна жүк өткізу керек болса, іс жүзінде ол артығымен орындалып, Қытайға экспортқа 72 076 вагон, яғни 3 773 259 тонна жүк жөнелткен. 2018 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда биыл экспорттық жүктер тасымалы 9 341 вагонға, 599 040 тоннаға артқан.

Ал экспорттық жүктер транзитіне келсек, өткен 5 ай ішінде Қытайға 19 961 вагон жүк өткізілген. Ал былтыр осы аралықта өткізілген транзиттік экспорттық жүктер көлеміне қарағанда биылғы көлем 4 469 вагонға артық. Бұл дегеніміз – 132 мың тоннадан астам жүк. Ал жыл басынан бері импорттық жүктердің келуі азайған. Биыл Қытайдан 42 692 вагонмен 1 млн-нан астам тонна жүк қабылданған. Былтырғымен салыстырғанда осы жылы импорт көлемі 2 935 вагонға кем. Теміржолшылар мұның себебін жүк түсіріп тиеуге бос вагондардың жетіспеушілігімен байланыстырады.

Ал импорттық жүктер транзитіне келсек, Қытайдан 31 547 вагон жүк өткен. Бұл транзит те біршама кеміген. Контейнерлер арқылы тасымалданатын экспорттық жүктердің көрсеткішінде өсім болса, контейнерлік импорттық жүктерде керісінше кеміу байқалады. Бұған қоса контейнерлік пойыздар экспорты Еуропа-Қытай бағыты бойынша 470 пойыз тапсырылған. Оның көбісі Еуропадан, 63-і Ресейден, одан аздауы Қазақстаннан және Өзбекстаннан болса, 1 пойыз Белоруссиядан. Биыл бұл көрсеткіш өсімі 96 пойызға тең. Сол сияқты контейнерлік пойыздар импорты да 33 пойызға артқан.

Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ

ТӨРТ АЙЛЫҚ ЖАРИАЛАНДЫ

Кешеден бастап Маңғыстау темір жолында «Жазғы жол жұмыстары кезеңінде пойыз телимдерінің өткізгіштік және тасымалдау қабілеттілігін арттыру» деп аталатын төрт айлық шара басталды.

1 шілдеде басталып, қазанның біріне дейін жалғасатын шара мақсаты – алдағы уақытта өндірістік қызметті жақсарту, жұмысшылардың жауапкершілігін арттырып, еңбек және технологиялық тәртіпті нығайту, сонымен қатар жазғы жол жұмыстары кезінде филиал қызметіндегі басқару, корпоративтік және қауіпсіздік деңгейін көтеру.

Маңғыстау жүк тасымалы жол бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітөвтің айтуынша, осы төрт айлықтың жариялануына орай филиалда арнайы бұйрық шығарылып, жасалатын шаралар жоспары бекітілді.

Сол жоспар аясында ең үздік құрылған пойыздар өткізгіштігі әдісін іс жүзінде көрсете отырып, персоналдың техникалық деңгейін арттыру, технологиялық «толасқездер» кезінде пойыздардың жол бойында аздау тұруын қамтамасыз ете отырып, пойыздар өтуін ұйымдастыру, жүк түсіру және өндірістік жұмыстар орындарында жұмыс пойыздарының қозғалысын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу көзделуде. Сонымен қатар 4 айлықтың өтетіндігі туралы жұмысшыларға таныстырып, сол туралы аңшыларға түсінік беріліп, ақпараттандыру және шараны өткізу бойынша қолдау көрсету жауапкершілігі бірінші басшыларға тапсырылды. Сондай-ақ теміржолшылар тарапынан бөлімшенің өндірістік-эксплуатациялық қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар айтылуда.

Ұлан ОРАЗ

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ

ЖОЛШЫЛАРҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Компания басшылығы қойған міндеттерді жүзеге асыру және бекітілген жоспарларды орындау мақсатында Атырау жол дистанциясы көптеген жұмыстар атқарып келеді. Биылғы жылдың 5 айлық көрсеткіштері бойынша пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігі толық сақталған. Апатты жағдай, пойыздардың аударылуы, өндірістік жарақат, қиындықтар, басқа да келеңсіз оқиғалар тіркелмеді.

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау**

Бүгінде дистанцияда 713 адам еңбек етсе, соның 413-ін жолшылар құрайды. Дистанцияның бас инженері Жәнібек Жүнтүрбаевтың айтуынша, мамандардың кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында жоспарлы техникалық сабақтар тұрақты жүргізіледі. Сонымен қатар түрлі жағдайлар мен оқыс оқиғаларға байланысты желделаттар уақытылы оқытылып, келесі кезекте мұндай жағдайлардың қайталанбау мақсатында жұмысшылардың білім деңгейін көтеруге жағдай жасалуда. Өткен 5 айда 57 адам білімін жетілдірген. Техникалық сабақ барысында қысқаметражды видеороликтер, ситуациялық схемалар міндетті түрде жұмысшылар назарына ұсынылады.

Инфрақұрылым нысандарын жаңғырту, кеңейту, технологиялық процестерді жетілдіру мақсатында жол шаруашылығы бойынша өткен жылы 29,26 км жол күрделі жөндеуден өткен. Соның ішінде Атырау жол дистанциясына қарасты 496-Теңдік, Таскескен-Қарабатан, Атырау станциясының 3-3А жолдарына 12,90 км жолға күрделі жөндеу жасалды. Ал Құлсары жол дистанциясында 16,95 км жол салу керек болып, Бейнеу-рзд.460 аралығында 1039-1057 км жол аралықтарының ескі темір жолы түгел сыпырып алынып, орнына неміс технологиясымен жасалған ФОССЛО қапсырмалы темірбетонды шпалдар салынып бітті. Атырау-Мақат аралығында 12,3 км жол күрделі жөндеуден өтті.

Ал биылғы жылдың екінші жартыжылдығында Құлсары-Мақат аралығында 16,132 км жол күрделі жөндеуден өтеді. Жолдың сапасы балдық жүйемен өлшенетінін ескерсек, дистанцияда 5 айда жоспардағы 82 орнына 69 балл болып, 116 пайызға орындалған.

Жолдың сапалы жөндеуі жүк және жолаушылар пойыздарының жылдамдығына жағымды ықпал ететіні анық. Өткен 5 айда ескі рельстерді жаңасына ауыстыру бойынша 1 км орнына 2,5 км жолдың рельсі ауыстырылған. Орташа жол жөндеу 2 км түгел орындалған. Негізінен жаңғырту жұмыстары Сағыз-Мақат, Мақат-Атырау, Ганюшкино-Атырау учаскелерінде жүргізілуде. Жолдары сауықтыру үшін барлығы 3385 дана ағаш шпалдар қойылып, 0,52 текше метр шебень төселген.

Міне, осындай жұмыстар барысында дистанцияда жол жөндеу бойынша жаңа машиналар кешені пайдаланылып, технологиялық процесс жетілдірілуде. Дистанция бойынша 28 ақауапқыш арба бар. Олардың бәрі жарақат күйде, жұмыс істеп тұр. Ай сайын Сағыз-Мақат, Мақат-Атырау, рзд. Д.Нүрпейісова-Ганюшкино, Ганюшкино-Атырау учаскелерінің жолдары тексеріліп отырады.

– Жаһандық үрдістен қалмау үшін өзекті технологияларды қолдану – заман талабы. Сондықтан, теміржол саласында жаңа әдіс талпаңдарды қолдану кешенді басқаруды айтарлықтай алға жетелейтіні сөзсіз. Адам ресурстарына мейлінше аз салмақ түсіріп, басты



басымдылықты техникамен сапалы жұмыс жасауға бөлу – басты ұстаным. Ауыр жүктерді көтеріп түсіруге (темірбетонды бурмаларды, бағаналарды, шпалдарды, ауыр техникалардың қосалқы бөлшектерін) түсіруге КҮЖ-562 маркалы қраны алынды. Жейсмар фирмасының қол еңбегін жеңілдететін механикаландырылған рельсестікші, рельсестікші құралдары өте жақсы, жол жөндеушілер үшін таптырмас жабдық болып отыр. Бұрынғы рельстердің ұзындығы 25 метрлік болып бұнақталып салынатын болса, қазіргі уақытта Ақтөбе рельс зауытынан дайындалған 725 метрлік түйіспесіз жолдар салынады. ДУОМАТ, ДГС, ПБР машинасымен 335,7 км жол жөндеді.

Жалпы, Атырау жол бөлімшесі бойынша негізгі бағыттардағы тарамдардың бәрінде рельстер жаңаға ауыстырылды деуге болады. Станциялардағы қосалқы тарамдардың ескі рельстері де жоспар бойынша жаңалануда. Қазіргі жүк ағыны көбейіп отырған жағдайда қозғалыс жылдамдығы мен тасымал мүмкіндігін арттырып, пойыз қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тарамдардың беріктігі мен

орнықтылығын көтеріп, балласты қиыршық таспен, ағаш шпалдарды темір бетонмен ауыстырмаймыз, – дейді дистанция бас инженері.

Дистанцияда жұмысшыларды тасуға арналған жол талғамайтын вахталық көлік алынып, ішінде жайлы жатағын 8 адамдық орны бар, жеделдеткіші, ас бөлмесі, жуынып-шайынатын душы, электр тоғы қосылатын, теледидар, тозаңтұқшы, автономды жылытқышы бар жайлы кешенді бірнеше модуль, өзі жүк түсіретін самосвал көлігі, дизельді отын көмегімен жүретін АС-5 темір жол көлігі, тамақ ішу, жатын бөлмесі бар «Путник» техникалары қызмет көрсетіп келеді. Аталған техникалар жұмысшылардың жол қызметкерлерінің жұмысын жеңілдетіп, айтарлықтай жақсартады. Арнайы тапсырысқа сай жұмысшылар жүк сайын киім, аяқ киім, жеке қорғаныс құралдарымен қамтамасыз етіліп отырады. Биыл, мысалы, 302 төмен температурадан сақтайтын костюм алынып, таратылған, сондай-ақ 100 керзі етік, 730 жазғы костюм, 149 дана жылы етік, 120 қаска, 20 белді беру жалаушасы тағы берілген.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗДІК

АСА ҚАУІПТІ АҚАУ АНЫҚТАЛДЫ

Өткен аптада бейнеулік вагон қараушы Алдаберген Қалиев жүк пойызының бір вагонынан күрделі ақау тауып, апаттың алдын алды.



Бейнеу станциясына күндізгі сағат 12.30-дарда келіп тоқтаған жүк пойызының вагонынан, нақтырақ айтқанда, үшінші доңғалақ жұптағы шанақтық тораптық полиамидті сепараторынан табылған ақау расында қозғалыс қауіпсіздігіне қауіп төндірген техникалық күрделі кемшілік болатын. Жеке меншікке тиесілі жүк вагоны 2 жыл бұрын күрделі жөндеуден өткен екен. Соған қарамастан ақау бейнеулік вагон қараушының сауатты іс-әрекеті арқасында анықталып отыр.

Бейнеудегі техникалық қызмет көрсету қосынының бастығы Нұралы Қылыштының айтуынша, аса күрделі ақау дер кезінде табылмағанда, ол барлық құрамға залалын келтіріп, шанақтың сынуынан пойыз апатқа ұшырауы мүмкін екен.

Бейнеу станциясында сонау 1992 жылдан бері вагон қараушы болып еңбек ететін Алдаберген осы аралықта вагон шаруашылығының қыр-сырын меңгерген білікті маманға айналды. Бұған дейін де бірнеше ақауларды тауып жүр. Басшылық тарапынан еңбегі үнемі бағаланып

жүрген вагон қараушы бүгінде 4 баланың әкесі, үлкен Азамат та еңбек жолын теміржолда бастап отыр. «Ақауларды анықтау – бұл біздің міндетіміз. Қозғалыс қауіпсіздігін сақтау арқылы еліміздің жүк және жолаушы тасымалындағы мінсіз қызметін қамтамасыз еткіміз келеді», – дейді тәжірибелі теміржолшы.

Райхан РАХМЕТОВА
Суретті түсірген автор

НӘТИЖЕ

ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ РЕСУРС: ҮНЕМ МЕН ТИІМДІЛІК

Өндірістегі үнем – Семей ЖТ бөлімшесі бойынша алдыңғы кезектегі жолға қойылған мәселе. Бұл ретте жыл басынан бері қолға алынған жоспарлы шаралар оң нәтижесін берді.

**Қуан ЕРТІС,
Семей**

Бір ғана мысал ағымдағы жылдың 4 айы бойынша жанармай үнемділігі өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 2159,1 тоннаны құрапты. Бұл елеулі тиімділік болғанымен, бөліктенген жоспар бойын-



ша көрсеткіш біршама жоғарылау. Ертс үстіндегі теміржол көпірінің күрделі жөндеуді қажет етуі себепті пойыз ағынынан басқа бағыттармен жөнелтуге қосымша 956 тонна жанармай жұмсалыпты. Яғни, жоспарлы межеден 1,96 кг/104 мың ткм бруттоға артық.

Әйтсе де, бұған қарамастан Семей ЖТ бөлімшесі бойынша пойыздар тартымына жұмсалатын дизельді отынды үнемдеудің тың тәсілдері қолға алынған болатын. Соның есебінен 170,9 тонна, яғни 40 млн теңгеге жуық қаражат бөлімше бюджетінен қалды. Аталмыш орайда жүк түріндегі тепловоз паркін пайдалану 0,65 кемітіліп, вагон айналымдағы уақыт азайтылған болатын. Мұның сыртында пойыз тартымына жұмсалатын жанармай шығынының өсуіне жол бермейтін локомотив бригадаларының да саны артқандығы байқалады.

Тиімділігі мол болуы себепті осынау мәселені тереңдеп зерттеген мамандардың пікірінше, қозғалыс шаруашылығындағы отын-энергетикалық ресурсты үнемдеу бірнеше жайтты бөле-жара атауға болады. Жанармай шығыны көбінесе жүк тасымалын-

ТАСЫМАЛ

ПОЙИЗДАР САНЫ АРТҚАН

Биыл жыл басынан бергі бес ай ішінде Болашақ станциясынан 302 пойыз жөнелтіліп, Түрікменстаннан 307 пойыз жүк келген.

Станция бастығы Мақсат Нұрбековтің айтуынша, былтырғы дәл осы аралықтағы көрсеткішке қарағанда Түрікменстан елінен келетін пойыздар 27-ге артқан. Ал Қазақстаннан түрікмендерге тапсырылған пойыздар 10-ға гана көбейілті.

– Мемлекетаралық түйісу нүктесі болып саналатын Болашақ станциясында теміржолшылар қозғалыс қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтай отыра, тасымалдың барлық түрлерін өз деңгейінде жүзеге асыруға атсалысуда, – дейді станция бастығы.

Жүк түрлеріне келер болсақ, биыл осы кезеңде ең көп жөнелтілген жүк бидай болған, өткен 5 айда барлығы 2948 вагон бидай жіберілді. Одан кейінгі орында 1114 вагон бидай ұны, 387 вагон кара металл, 285 вагон дәнді дақылдар тұқымы, 147 вагон құбыр, 111 вагон этил спирт, 105 вагон құрылыс өнімдері, 85 вагон пилотматериялдар, сонымен қатар 62 вагон жеңіл автокөлік, 80 вагон залалсыздандыру аппараттары, ас-бест, агрегаттар, бұрғылау қондырғылары, жүгері, асбұршақ дәндері, картоп, автомобиль майлары, мақарон өнімдері, сұлы және тағы да басқалары тұр.

Ал елімізге Болашақ арқылы келіп жатқан жүк түрлеріне келер болсақ, бос вагондардан бөлек 217 вагон кептірілген жемістер ең көп келген. Сонымен қоса 88 вагон шыны ыдыстар, 28 вагон полипропилен, полиэтилен, жуу пастасы, мұнай коксы, желім, мандарин, мотор майлары, жиһаздар, пластмасса өнімдері, мрамор өнімдері, автобөлшектер, битум, Джут талшығы, қыша және тағы басқа бұйымдар мен азық-түлік және құрылыс материалдарының түрлері тасымалданған.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ

да орын алатындықтан алғашқы кезекте осы сала бойынша нақты жұмыстар жүргізілген. Алайда, жылжымалы құрамдардың техникалық жылдамдығын сағатына 0,69 шақырымға дейін арттыру мақсатында үнем мәселесіне айтарлықтай шектеу қойылған жоқ.

Сол тәрізді жолаушылар тасымалы, маневрлік пойыздар мен шаруашылық қозғалыс бойынша да жұмсалған отын қоры жан-жақты сарапта түскен. Дегенмен тәжірибе көрсеткендей, жанармай үнемділігінің орнын алуға алғашқы кезекте машинистерге де байланысты. Атап айтсақ, ағымдағы жылдың төрт айы бойынша 1 084 машинист техникалық норма бойынша үнемділік үдесінен табылыпты. Соның нәтижесінде 470 тонна жанармай локомотив деполарының ресурстық қорында қалды. Бұл – өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда 197 тоннаға артық деген сөз.

Жалпы, отын-энергетикалық қор бойынша жанар-жағармайға қол сұғу мәселесі де тіркелмеген. Тоқтала кетсек, қауіпсіздік шаралары мақсатында барлық тепловоздар энергетикалық отын тартымын автоматтандырылған басқару жүйесі сынды жаңашыл аспаптарды бағықталған. Локомотивтердегі энергодиспетчерлік тартымды анықтайтын АСУ ЭДТ құралдары да жанармай жұмсау бойынша адами фактордың орын алуына мүлде жол бермейтін бірегей мүмкіндік саналады.

Суретті түсірген автор

БЕЗОПАСНОСТЬ

ОБЩАЯ ПРОБЛЕМА

Безопасность движения поездов – приоритетная задача Алматинского эксплуатационного локомотивного депо. С начала года допущен 1 случай нарушения безопасности движения поездов против 13 случаев за аналогичный период прошлого года.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Среднесуточная производительность локомотива при плане 1168 тысяч тонно-километров брутто, фактически выполнение составило 1195 тысяч, т. е. 102,32%.

С начала текущего года поступило 1904 рапорта машинистов против 1369 аналогичного периода прошлого года. И, как всегда, по количеству рапортов лидирует хозяйство сигнализации и связи, именно к этой структуре у локомотивщиков больше всего претензий.

По данным расшифровки скоростемерных лент с начала года допущено 55 случаев нарушений против 17 в 2018 году. В работе АЛСН на локомотивах допущено 627 случаев сбоя, что на 257 случаев больше показателя минувшего года.

Локомотивными бригадами применено 357 экстренных торможений против 327 случаев аналогичного периода прошлого года. В том числе: на людей – 96 против 117 в 2018 году, из них с наездом – 9.

С уверенностью можно сказать, что ситуа-



ция с наездами является проблемой не только железнодорожников, но и местной исполнительной власти, общественных организаций. Из года в год проводятся совместные рейды, организовываются встречи в школах и с местным населением, но ситуация практически не меняется.

